

"Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ
ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК ақпараттандыру
ХАТТАМАСЫ №4

Күні: 24.09.2024 жыл

уақыты: 12³⁰

Отырысқа директордың орынбасарлары және әкімшілік бөлім қатысты. Ақпараттандыру кәсіпорынның мәжіліс залында баяндама және әңгіме түрінде жүргізілді.

Күн тәртібі: ШЖҚ "Талдықорған қалалық емханасы" МКК қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалай күресіге болады түсіндіру жұмыстары.

Негізідеме: жоспарланған.

Отырысты жүргізген: төрайым етуші Л.О. Толеуханова
комплаенс-офицер Е.Б. Нургазиев

Отырыс баяндамасы және қорытындысы

Ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа күрес барысында заңға сүйену – бұл күресте ең тиімді әрекет болып саналатынын ескеру қажет. **Сыбайлас жемқорлық - бұл қызметтік жағдайды теріс пайдалану немесе жеке тұлғаның өзінің пайдасы үшін қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделеріне қарсы өзінің лауазымдық өкілеттігін заңсыз пайдалану.** Пайда көру пара алудан және ақшаны ұрлаудан бастап, достарға және туыстарға заңсыз көмек көрсетуге дейін әртүрлі түрде көрінеді. Заңнамалық анықтамада сыбайлас жемқорлықтың ең көп таралған формалары келтірілген:

- пара беру және алу;
- билікті асыра пайдалану;
- коммерциялық паракорлық.


Сыбайлас жемқорлықтың қазіргі заманғы көріну түрлері оған қарсы күресті одан да қиындатады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың негізі тек қана нақты бақылау мен жазалауға ғана емес, сонымен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жүйелі тәсілдің де болуы керек. Сыбайлас жемқорлықты алдын-алу шараларына жатады:

- 1) қоғаммен сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу идеясын және оны барлық жағдайларда хабарлау қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған халықпен ақпараттық жұмыс;
- 2) мемлекеттік құрылымдардың ашықтығын арттыру;
- 3) БАҚ тәуелсіздігі;
- 4) мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру;
- 5) бюрократиялық процедураларды жеңілдету, оларды электронды түрде беру.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында қызметкерлер арасында түрлі іс-шаралар, әңгімесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып әрдайым үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуі қажет. Осындай жұмыстардың барлығы сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында, әрине, өз септігін қосады. Өйткені, қазіргі сағат сайын дамып келе жатқан қоғамда сыбайлас жемқорлық мәселесі мемлекеттің дамуын ғана тоқтатпай, оны кері құлдыратады.


«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!!!» - деген көпшіліктің ықтиярымен жиын жабылды.

Директор



Л. Толеуханова

Комплаенс-офицер



Е. Нургазиев